

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2025 жылғы 4 – 8 тамыз



2025 жылғы 4 – 8 тамыз

Аптаның негізгі тақыраптары

01



АҚШ: нарықтар және
корпоративтік
есептілік

02



Макроэкономика және
негізгі факторлар

03



Жаһандық
нарықтар

Америкалық қор индекстері өткен аптадағы жаппай сатылымнан кейін сенімді түрде қалпына келді. Nasdaq Composite **+3,9%** қосып, тарихи максимумды жаңартты, S&P 500 **+2,4%-ға**, ал Dow Jones **+1,4%-ға** өсті. **Apple** (+13,3%) өсім локомотиві болды, ол жергілікті өндіріске \$100 млрд инвестиция салатынын жариялады, бұл жартылай өткізгіштер импортына жаңа 100% тарифтерді құтылуға мүмкіндік береді.

Есептілік маусымы аяқталуға жақын: S&P 500 компанияларының 90%-ы есеп берді, ал 82%-ы сарапшылардың болжамдарынан асып түсті. Пайда бойынша орташа «күтілгеннен асып кету» **+8,5%-ды** құрады, ал EPS өсімі бойынша консенсус бір тоқсанда 3,8%-дан 9,7%-ға дейін қайта қаралды. Технологиялық және коммуникациялық секторлар сүбелі үлес қосты, олар пайданың 20% ж/ж өсімін көрсеткен. Тіпті тарифтік тәуекелді ескергеннің өзінде 2025 жылға корпоративтік болжамдар пайданың жиынтық өсімі **10,1%** деңгейінде болады деп болжайды.

Негізгі индекстер	Соңғы мән	Апта, %
KASE , Қазақстан Республикасы	6 563,38	2,70%
S&P 500 , АҚШ	6 389,45	2,43%
NASDAQ , АҚШ	21 450,02	3,87%
Dow Jones, АҚШ	44 175,61	1,35%
Euro Stoxx 50, Еуроаймақ	5 347,74	3,53%
Nikkei 225, Жапония	41 820,48	2,50%
Hang Seng, Гонконг	24 858,82	1,43%
CSI 300, Қытай	4 104,97	1,23%
Борыш нарығы		
US Treasuries 10Y	4,28	1,64%
DXU	98,18	-0,97%
Шикізат нарығы		
Brent	68,49	-4,66%
Алтын	3 398,78	1,07%
Криптовалюта		
BTC/USD	121 150	5,29%


АҚШ-тың тарифтік саясаты әлі басты назарда: жартылай өткізгіштердің импортына (АҚШ-та өндірісті оқшаулайтын компаниялар үшін жеңілдіктермен) **100%-ға дейін**, Швейцариядан әкелінетін бірқатар тауарға **39%** баж салығы және **Үндістан тауарларына** тарифтер **50%-ға** дейін екі еселенді. Бұл шаралар инфляциялық қысым көрсетуі мүмкін, бұл алдағы уақыттағы CPI және PPI бойынша деректерді 17 қыркүйекте өтетін ФРЖ отырысының алдында аса маңызды етпекші.

Экономикадағы көрініс аралас: қызмет көрсету саласындағы ISM индексі 2022 жылдан бері ең төменгі деңгейге – 50,1-ге дейін төмендеп, баяулағаны туралы белгі берді, ал S&P Services PMI индексі 55,7-ге дейін өсіп, IT мен қаржыда жергілікті өсім көрсетті. Қаржылық емес сектордағы еңбек өнімділігі **2,4%-ға** (болжамнан 2,2%-ға көп), ал сағаттық төлем **4,2% ж/ж** деігейіне өсті, бұл инфляция аясында ~2,7% оң нақты кіріс берді. Қыркүйекте ФРЖ мөлшерлемесінің төмендеу ықтималдығы **88,5%-ға** жетті, бірақ реттеушінің мүшелері жұмыспен қамтуды қолдау мен инфляцияны бақылау арасында тепе-теңдік ұстап тұру қажет екенін ескертеді.

Қыркүйек айында өтетін отырысқа ФРЖ мөлшерлемесі бойынша болжам (CME FedWatch Tool бағалауы)

Target Rate Probabilities for 17 Sep 2025 Fed Meeting

Current target rate is 425–450



CME FedWatch Tool деректері бойынша, ФРЖ-ның мақсатты мөлшерлемесін 4,00-4,25% диапазонына дейін төмендету ықтималдығы 2025 жылғы 17 қыркүйекте өтетін отырыста 88,5% болады деп бағаланып отыр.

Еуропа аптаны өсіммен аяқтады: *STOXX Europe 600* +2,11%, *DAX* +3,15%, *FTSE MIB* +4,21%. **Англия Банкі** 2020 жылдан бері тұңғыш рет мөлшерлемені 0,25 п.т., яғни 4%-ға дейін төмендетті, бұл шешімін еңбек нарығының әлсіреуімен түсіндірді, бірақ бұл ретте қыркүйек айындағы инфляция болжамын **4%-ға дейін** көтерді.

Германияда өнеркәсіп өндірісі **1,9%** а/а дейгейіне төмендеді, бұл пандемия кезінен бергі ең нашар көрсеткіш болды:

Азияда жапондық *Nikkei 225* және *TOPIX* компаниялары мықты корпоративтік есептіліктің және АҚШ-пен сауда шарттарының айқындалуының арқасында шамамен +2,5%-ға өсім көрсетті — АҚШ-қа автомобильдерді экспорттау тарифі 27,5%-дан 15%-ға дейін төмендетілді.

Қытайдың *CSI 300* және *Shanghai Composite* компаниялары экспорттың **7,2% ж/ж** өсуі аясында (АҚШ-қа -22%-ға қарамастан) +1,23% және +2,11% және қызмет көрсету саласында PMI 14 айдың ішінде 52,6 максимумға дейін қосты.

Индия инфляцияның баяулағанын және тұрақты ішкі сұранысты атап өтіп, мөлшерлемені 5,50% деңгейінде сақтап қалды, бірақ сауда тәуекеліне байланысты сақтық шараны сақтап қалды.

Шолуды дайындаған: Ануарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Бұл материалды тарату инвестиция жасау жөнінен кеңес беру қызметі емес. Бұл материалда берілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Бұл материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратты ғана негізге алмау керек. Осы материалда көрсетілуі мүмкін есептерді, тарихи деректер мен өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері бұқаралық ақпарат көздерінен алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындаған.

BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауы бойынша пайдаланады және тәуекелді өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыным және/немесе сату бойынша міндеттеме, мәміле жасасуға ынталандыру және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша клиентке ұсыным болып табылмайды.

Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, олар туралы ақпаратты BCC Invest ұсынатын базалық активтердің әртүрлі түрлерімен туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі — «Қаржы құралдары») операцияларды жүргізер алдында осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуға тиіс және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерімен жан-жақты кеңес өткізуге тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатады, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекелдің салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңдық мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе клиенттің мақсаттарына, ниеттеріне және күткен нәтижесіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Сондықтан осы мәмілелер өзіне тиісті тәуекелдерді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын тұлғаларға арналған. Кез келген мәмілені жасасу алдында клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелдерді түсінетініне және оқиғалардың кез келген өрбуі кезінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескеру қажет.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестициялар құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ұсынатын ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік немесе растама бермейді және қандай да бір жауапкершілік алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.